

Шектеу іс – шараларының белгілеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Кішкенекөл ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 15 тамыздағы № 41 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 23 тамызда № 4879 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Кішкенекөл ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 13 қыркүйектегі № 77 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Кішкенекөл ауылдық округі әкімінің 13.09.2019 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Заңының 35 – бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитеті Уәлиханов аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық – санитарлық инспекторының 2018 жылғы 26 маусымдағы № 17-07/156 ұсынысы негізінде Кішкенекөл ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ірі қара малдар арасынан бруцеллез ауруының анықталуына байланысты, Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Кішкенекөл ауылдық округінің Кішкенекөл ауылының оңтүстік жағында үш шақырым жерде орналасқан, Беловод табына шектеу іс – шаралары белгіленсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Кішкенекөл ауылдық
округінің әкімі*

С.Сәниев